

## 2007 жылғы 1 тамыздағы банк секторының ағымдағы жағдайы<sup>1</sup>

Қазақстанда 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 33 екінші деңгейдегі банк<sup>2</sup> жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 31 банк, банктердің 34 филиалы және 336 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы	01.01.07	01.08.07
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	33	33
- шетелдің қатысы бар банктер	14	14
- жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысы бар банктер <sup>3</sup>	1	1
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	324	350
Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1 489	1 840
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	22	22
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	23	25
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	32	32
Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	10

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты меншікті капиталының<sup>4</sup> есеп айырысу мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 426,5 млрд. теңгеге (36,5%-ға) ұлғайды және 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 1 595,1 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 44,28%-ға 1 177,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 22,5%-ға немесе 472,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Атауы	01.01.07	01.08.07	Өсімі %-бен
1-ші деңгейдегі капитал	816,5	1177,3	44,19
Жарғылық капитал	593,6	846,4	42,59
Қосымша капитал	4,0	3,9	-2,50
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	131,6	200,8	52,58
2-ші деңгейдегі капитал	385,4	472,3	22,55
Бөлінбеген таза кіріс	101,3	143,1	41,26
Реттелген борыш	368,0	424,6	15,38
3-ші деңгейдегі капитал	1,5	1,0	-33,33
Барлық меншікті есеп айырысу капиталы	1 168,6	1595,1	36,50

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,10 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 - 0,13 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.01.07	01.08.07
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,09	0,10
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,13
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,20	0,19
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	3,91	3,64
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,43	0,33
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	12,43	16,83


Сонымен бірге, жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер балансы бойынша меншікті капитал 870,4 млрд. теңгеден 382,2 млрд. теңгеге (43,9%) өсті және есепті күнге 1 252,6 млрд. теңгені құрады.

**Активтер.** Ағымдағы жылдың басынан бастап банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 2 328,0 млрд. теңгеге (26,2%-ға) өсті және есепті күнге 11 200,0 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.08.07		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Қолма-қол ақша	145,2	1,6	203,9	1,8	40,4
Корреспонденттік шоттар	835,5	9,4	820,3	7,3	-1,8
Бағалы қағаздар	1 231,2	13,9	837,3	7,5	-32,0
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	393,1	4,4	395	3,5	0,5
Банкаралық заемдар	408,8	4,6	278	2,5	-32,0
Клиенттерге заем	5 583,0	63,0	8 282,6	74,0	48,4
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	97,1	1,1	186,6	1,7	92,2
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	93,0	1,0	127,6	1,1	37,2
Басқа активтер	85,1	1,0	68,7	0,6	-19,3
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>8 872,0</b>	<b>100</b>	<b>11 200,0</b>	<b>100</b>	<b>26,2</b>

Банктер активтерінің құрылымында клиенттерге берілген заемдар (74,0%), бағалы қағаздар портфелі (7,5%), корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (7,3%), басқа банктерде орналасқан салымдар (3,5%) үлкен үлес алады. Клиенттерге берілген заемдар - 2 699,6 млрд. теңгеге немесе 48,4%-ға өсті, корреспонденттік шоттардағы қалдықтар – 15,2 млрд. теңгеге немесе 1,8%-ға азайды, бағалы қағаздар – 393,9 млрд. теңгеге немесе 32,0%-ға кеміді, басқа банктерде орналасқан салымдар – 1,9 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға өсті, банкаралық заемдар – 130,8 млрд. теңгеге немесе 32,0%-ға кеміді, капиталға инвестиция және реттелген борыш - 89,5 млрд. теңгеге немесе 92,2%-ға өсті.

Ағымдағы жылдан бастап баланс бойынша<sup>5</sup> мерзімі өткен берешек 75,5 млрд. теңгеден 14,6 млрд. теңгеге (19,3%) кеміді және есепті күнге 60,9 млрд. теңге болды.



Жыл басынан бастап, жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 1 825,5 млрд. теңгеден (16,2%-ға) 13 068,0 млрд. теңгеге дейін өсті.


Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 60,3% болды, күмәнділер үлесі - 26,9%-дан 38,9%-ға дейін өсті, үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелер үлесі 0,8% болды.

Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	01.01.07		01.08.07	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен
<b>Барлық активтер мен шартты міндеттемелер</b>	<b>11 242,5</b>	<b>100</b>	<b>13 068,00</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>8 117,7</b>	<b>72,2</b>	<b>7 878,40</b>	<b>60,3</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>3 026,9</b>	<b>26,9</b>	<b>5 091,20</b>	<b>38,9</b>
1-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 587,9	23,0	4 119,80	31,5
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	112,7	1,0	498	3,8
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	236,1	2,1	396	3,0
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	39,0	0,3	28,8	0,2
5-санатты күмәнді	51,2	0,5	48,6	0,4
<b>Үмітсіздері</b>	<b>97,9</b>	<b>0,9</b>	<b>98,4</b>	<b>0,8</b>

Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 52,7%-дан 42,9%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 45,7%-дан 56,0%-ға дейін өсті, үмітсіздердің үлесі 1,1% болды.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.07		01.08.07	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен
<b>Несиелік портфельдің барлығы</b>	<b>5 991,8</b>	<b>100</b>	<b>8 560,60</b>	<b>100</b>

<b>Стандартты</b>	<b>3 154,4</b>	<b>52,7</b>	<b>3 676,10</b>	<b>42,9</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>2 743,4</b>	<b>45,7</b>	<b>4 789,70</b>	<b>56,0</b>
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 332,0	38,9	3 838,80	44,9
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	109,8	1,8	495	5,8
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	214,7	3,6	381,2	4,5
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	38,1	0,6	28,1	0,3
5-санатты күмәнді	48,8	0,8	46,6	0,5
<b>Үмітсіздері</b>	<b>94,0</b>	<b>1,6</b>	<b>94,8</b>	<b>1,1</b>




**Міндеттемелер.** 2007 жылдың басынан бастап, екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 1 945,7 млрд теңгеге (24,3%-ға) ұлғайды және есепті кезеңнің соңына 9 947,3 млрд. теңге болды.

Банктер міндеттемелерінің өсуіне 1 663,9 млрд. теңгеден 6 393,3 млрд. теңгеге дейін өскен клиенттер алдындағы міндеттемелер көлемінің өсуі елеулі ықпал жасады.


Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.08.07		өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер	4 729,4	59,1	6 393,30	64,3	35,18
Банкаралық депозиттер	257,6	3,2	219,6	2,2	-14,75
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	2,2	0,0	1,9	0,0	-13,64
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	27,4	0,3	65,2	0,7	2,4 рет
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 414,3	17,7	1 819,10	18,3	28,62
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	530,0	6,6	162,4	1,6	-69,36

Реттелген борыштар	368,0	4,6	424,6	4,3	15,38
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	418,8	5,3	449,1	4,5	7,23
Басқа кредиторлар	148,7	1,9	173,5	1,7	16,68
Басқа міндеттемелер	105,2	1,3	238,60	2,4	2,3 рет
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>8 001,6</b>	<b>100</b>	<b>9 947,30</b>	<b>100</b>	<b>24,32</b>

2007 ж. 1 қаңтардағы банк секторы міндеттемелерінің құрамы (%)



2007 ж. 1 тамыздағы банк секторы міндеттемелерінің құрамы (%)



2007 жылдың басынан бастап клиенттердің салымдары<sup>6</sup> 1 600,6 млрд. теңгеге немесе 33,9%-ға ұлғайды және 2007 жылғы 1 тамызда 6 315,5 млрд. теңге болды.

2007 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары 41,9%-ға немесе 433,0 млрд. теңгеге өсті.


Клиенттердің салымдары	01.01.07.		01.08.07.		млрд. теңге өсімі %-бен Прирост, в %	
	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында
Салымдардың барлығы оның ішінде:	4 714,9	2 740,2	6 315,5	3 610,7	33,9	31,8
Занды тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	3 680,7	2 395,8	4 848,2	3 194,9	31,7	33,4
Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен қоса клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	2 334,4	1 755,7	3 470,7	2 777,3	48,7	58,2
Талап ету бойынша салымдар	6,4	0,8	8,5	0,7	32,8	-12,5
Мерзімді салымдар	1 336,6	637,4	1 364,2	414,7	2,1	-34,9
Шартты	3,3	1,9	4,8	2,2	45,5	15,8
<b>Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде:</b>	<b>1 034,2</b>	<b>344,4</b>	<b>1 467,2</b>	<b>415,8</b>	<b>41,9</b>	<b>20,7</b>

Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	132,6	29,6	170,0	29,9	28,2	1,0
Талап ету бойынша салымдар	30,6	12,3	40,4	14,5	32,0	17,9
Мерзімді салымдар	870,0	302,0	1 254,0	371,0	44,1	22,8
Шартты	1,0	0,5	2,8	0,4	180,0	-20,0

Заңды тұлғалардың салымдары 31,7%-ға, оның ішінде клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 48,7%-ға немесе 1 136,3 млрд. теңгеге өсті, талап ету бойынша салымдар жөніндегі қаражат 2,1 млрд. теңгеге өсті, мерзімді салымдар сомасы – 2,1%-ға немесе 27,6 млрд. теңгеге өсті.

**Өтімділік.** Ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі аса жоғары деңгейде сақталды. 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезде 1,42 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезде – 1,09 болды.

Банк секторының өтімділік деңгейінің динамикасы



**Кірістілік.** 2007 жылғы 1 қыркүйекте екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 143,1 млрд. теңге мөлшерінде (2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша – 67,5 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 927,7 млрд. теңге болды (2006 жылғы 1 тамызда – 452,5 млрд. теңге), шығыстар – 784,6 млрд. теңге (2006 жылғы 1 тамызда – 385,1 млрд. теңге) болды.

Банк секторының кірістілігі	млрд. теңге		
	01.08.06	01.08.07	Өзгеруі (+;-), %-бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	363,3	659,5	2,1 рет
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	199,3	351,7	2,1 рет
<b>Сыйақы алуға байланысты таза кіріс</b>	<b>164</b>	<b>307,8</b>	<b>2,2 рет</b>
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	166,5	267,3	83,3
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	244,8	406,4	96,6
<b>Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)</b>	<b>-78,3</b>	<b>-139,1</b>	<b>2,3 рет</b>

<b>Көзделмеген баптар</b>	<b>0,8</b>	<b>0,3</b>	<b>-66,7</b>
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	86,5	169	2,2 рет
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	10,6	25,9	2,9 рет
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	75,9	143,1	2,1 рет

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (88,0% немесе 580,6 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (63,1% немесе 221,9 млрд. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 1,51% (01.08.06 ж. жағдай бойынша – 1,34%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 13,49% болды (01.08.06 ж. жағдай бойынша – 13,07%).

<b>Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер</b>	<b>01.08.06</b>	<b>01.08.07</b>
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1,38	1,51
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	14,43	13,49
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	5,78	5,89
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	7,27	6,89
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	23,01	24,32
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	3,51	3,54
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	1,33	0,99

**Банк секторының шоғырлануы.** 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 57,9%-дан 59,0%-ға дейін өсті, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 58,6%-дан 59,1%-ға дейін өсті. 3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 61,0% болды. 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 49,9%-ы келеді.

<b>Жиынтық банк секторынан үлес</b>	<b>01.01.07</b>	<b>01.08.07</b>
Үш ірі банктің активтері	57,9	59,0
Үш ірі банктің міндеттемелері	58,6	59,1
Үш ірі банктің меншікті капиталы	54,6	58,9
Үш ірі банктің несие портфелі	58,3	61
Үш ірі банк клиенттерінің депозиттері <sup>7</sup> , оның ішінде	58,9	59,2
- заңды тұлғалардың	62,9	62
- жеке тұлғалардың	44,6	49,9

## Экономикадағы банк секторының ролі

<b>Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы</b>	<b>01.01.02</b>	<b>01.01.03</b>	<b>01.01.04</b>	<b>01.01.05</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.01.07</b>	<b>01.08.07</b>
ЖІӨ млрд.тенге <sup>8</sup>	3 250,6	3 747,2	4 612,0	5 870,0	7 453	10 139,5	12 464,1
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	89,9
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	41,1	59,1	68,7
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	5,9	7,9	11,5	12,8
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,5	50,7

<sup>1</sup> -2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мәліметтерінен берілді;

<sup>2</sup> -Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 26 желтоқсандағы № 315 қаулысымен «Валют-Транзит Банкі» акционерлік қоғамына ұлттық және шетел валютасында банктер жүзеге асыратын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге 2006 жылғы 26-мамырда берілген №43 лицензия 2006 жылғы 26 желтоқсаннан бастап қайтарып алынды;

<sup>3</sup> - "Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ;

<sup>4</sup> - уәкілетті орган бекіткен Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу методикасы және нормативтік мәні жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес;

<sup>5</sup> -баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердіс заем, факторинг, форфейтинг, қаржы лизингі бойынша берешектері кіреді (1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттары);

<sup>6</sup> - "Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардыс салымдары" 2222 шотын қоса есептегенде;

<sup>7</sup> - клиенттердіс депозиттері туралы ақпарат клиенттердіс ағымдағы шоттары есебімен берілді;

<sup>8</sup> - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2007 жылға болжам деректері.